

Шығындарды өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 14 шілдедегі N 228

Атырау облысында 1997 жылдың қысқы және көктемгі кезеңіндегі байқалған табиғи зілзалалардың алдын алу және оның зардаптарын жою жөніндегі жұмыстардың орындалуына кеткен шығындарды өтеу мақсатында Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі:

Атырау облысының республикалық мәні бар қираған автомобиль жолдарын қалпына келтіруге пайдалануы үшін 1997 жылы және 1998 жылдың бірінші жартыжылдығында Атырау облысының төлеушілерінен түсетін барлық төлем сомасын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Жол қорының шотынан белгіленген тәртіппен аударуды қамтамасыз етсін; <*>

су басу аймағына душар болған Құлсары-Мақат темір жол учаскелеріне тексеру жүргізісін және темір жолдың бүкіл өне бойында қозғалыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, өз қаражаты есебінен оларды қалпына келтіру жөнінде шаралар қолдансын.

ЕСКЕРТУ. Қаулы өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.06.19. N 120 қаулысымен.

R980120_

Премьер-Министрдің
бірінші орынбасары